

КЕЛІСЕМІН

«Қостанай облысы
әкімдігінің білім
басқармасы» ММ
басшысының м.а.
Д. Сүндікова
2024 жылғы « 22 » ақпан



БЕКІТЕМІН

«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы Қ. Атамұратов
2024 жылғы « 22 » ақпан



Ыбырай Алтынсариннің Торғай даласында тұңғыш ашқан мектебінің 160 жылдығына арналған «Ыбырайдың тұңғыш жаққан шырағы» атты «Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының ЕРЕЖЕСІ

Өткізілетін мерзімі

2024 жыл, наурыз

Өткізілетін орны

Рудный қаласы

Мақсаты

- Ыбырай Алтынсарин бабамыздың шығармаларын, еңбектері мен жасаған жұмыстарын насихаттау;
- Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ақындығын дамыту;
- Өз ойын поэзия тілімен шебер жеткізе алатын оқушы ақындарды анықтау.

Ұйымдастырушылар

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

Айтыстың жалпы сипаттамасы

- I кезең – аудандық деңгейде өтеді;
- II кезең – облыстық айтыс.

Қатысушыларға қойылатын талаптар

Қатысушылардың ойдан өлең құрастыру шеберлігі, суырып салмалығы, домбыра тартуы, сөз өткірлігі, сөз тапқырлығы, ұлттық киімде өнер көрсетуі талап етіледі. Облыстық айтысқа I кезеңнің жеңімпаздары қатыса алады. Облыстық ақындар айтысының жеңімпаздары республикалық оқушылар айтысына қатысуға ұсынылады.

Айтыстың өткізілу тәртібі

- I айналым – іріктеу кезеңі;
- II айналым – ақтық сын (финал);
- Ақындардың айтысу уақытының ұзақтығы – 20-25 минут.

Қазылар алқасы

- Қазылар алқасының құрамы елімізге танымал ақын-жазушылардан, айтыс өнерінің қыр-сырын білетін кәсіби мамандардан тұрады;
- Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

Өтінімдерді тапсыру шарттары

- Қатысушы жайлы толық ақпарат (*аты-жөні, шығармашылық түйіндеме, сыныбы, жетекшісі, байланыс телефоны, айтыстарға қатысқандығы жөніндегі мәлімет*) көрсетілуі керек;
- Өтінімдер аудандық (қалалық) білім бөлімдерінен жіберілуі тиіс;
- Өтінімдер hsb@ocsnt.kz электронды почтасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй мекен-жайы бойынша 1-ші наурыз, сағат 17:00 дейін қабылданады.
- Байланыс телефоны: 8 (7142) 56-01-29, 56-04-10, 8 707 563 31 52.

Жол шығындары, тамақтану

Жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

**Ыбырай Алтынсариннің Торғай даласында тұңғыш ашқан мектебінің 160 жылдығына арналған «Ыбырайдың тұңғыш жаққан шырағы» атты «Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысына
ӨТІНІМ**

Аудан, қала	
Қатысушының аты-жөні	
Жас ерекшелігі	
Оқу орыны, сыныбы	
Шығармашылық түйіндемесі, Айтыстарға қатысқаны туралы мәлімет	
Жетекшісінің аты-жөні, байланыс ұялы телефоны	
Қатысушының байланыс ұялы тел.:	

(жіберуші жақтың мекемесінің атауы)

_____ (қолы)

(басшысының аты-жөні)